

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Шығыстану факультеті
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы
Силлабус
13В3105 Парсы тілінің терминдері
Күзгі семестр 2019-2020 оқу жылы
4 курс

Курс бойынша академиялық ақпарат

Пәннің коды	Пән атауы	Түрі	Аптасына сағат саны			Кредит саны	СООЖ
			Дәріс	Практ	Лаб		
13В3105	Парсы тілінің терминдері	ТК	1	2	0	3	7
Дәріскер	Аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы ф.ғ.к. Р.К.Садықова				Офис-сағаты 9.00-18.00		Сабақ кестесі бойынша
e-mail	rsadykova327@gmail.com						
Байланыс телефондары	телефон: 8708-760-20-04				Аудитория 455		Дүйсенбі 16.00-16.50
					453		Бейсенбі 16.00-16.50
							17.00-17.50

Курстың академиялық презентациясы	Курстың мақсаты: Бұл курстың негізгі мақсаты – парсы тілінің терминдік жүйесі және оның дамуы, парсы термин сөздерінің қалыптасу жолдары және парсы терминологиясы жөніндегі түсінігін меңгерту. Терминологиялық өріс, терминдердің жасалу тәсілдері туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру. Міндеттері: Курстың басты міндеттері – парсы тілі терминологиясының қалыптасу кезеңдерін, терминдердің жасалып, қалыптасуына әсер етуші факторларды, баспасөздің, оқулықтардың, сөздіктердің термин қалыптастыруға әсерін терминологиялық бірліктердің қызметін ғылыми негізде тани білуге үйрету; терминдердің түрлі тәсілдер арқылы жасалуын талдап көрсету, парсы терминологиясының зерттеу нысаны, дамуы, қалыптасуы туралы мәлімет беру Пәнді оқығаннан кейін студент мынадай әрекеттерге қабілетті болады: - Лингвистикалық және филологиялық ғылымдар контекстінде филология негіздерін түсіну қабілеттілігі студенттерде қалыптасады; - парсы терминологиясының жай-күйін және оның даму үдерістерін толық біліп, оны қызметінде пайдалана алатындай құзіреті болады; - өз білімінің, дағдыларының деңгейін сындарлы түрде бағалап және оларды жетілдіре отырып, кәсіби ойлаудың жоғарғы сатысына ие болады; - терминология пәнінің теориялық негіздерін меңгеріп, оқу саласындағы үздік білімді көрсетуге және түсінуге қабілеті болады; - парсы тілі терминологиясы пәні бойынша теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды іс-жүзінде қолдана біле алады; - парсы тіліндегі кәсіби термин мен терминдік тіркестердің этимология,
-----------------------------------	--

	шығу төркінін біліп, мағыналарын түсінеді; - кәсібіне байланысты жинаған парсы тіліндегі терминдерді пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірін нақты, анық жеткізеді; - студенттер ғылыми теориялық білімге сүйене отырып, қазіргі ғылымда терминология мәселелерін зерделейді; - парсы тіліндегі өзге тілдерден енген терминдердің ену жолдарын меңгеріп, өз білімі мен түсінігін жұмсай алады; - парсы тіліндегі терминдерді белсенді түрде қолданып, жасалу жолдарын талдайды, презентация жасауға қабілеті болады.
Пререквизиттер	13B318 Оқитын тілдің лексикологиясы, 13B3104 Парсы тілінің стилистикасы, 13B3101Парсы тілінің сөзжасамы
Постреквизиттер	-
Ақпаратты ресурстар	Оқу әдебиеттері: Негізгі: 1. دستور مفصل امروز، دکتر خسرو فرشیدورد، تهران، انتشارات سخن، چاپ اول، ۱۳۸۲. 2. دستور زبان فارسی، دکتر عبدالرسول خیامپور، انتشارات ستوده، ۱۳۸۲. 3. Ахаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. 3. دستور زبان فارسی، دکتر تقی وحیدیان کامیار، تهران، امیرکبیر، ۱۳۴۳. 4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты.– Астана, 2002. 5. زبان فارسی، کتاب درسی سال اول متوسطه، وزارت آموزش و پرورش-دفتر برنامه ریزی و تألیف تهران، 2009. 6. Knüppel, M.: Turkic Loanwords in Persian, in: Encyclopaedia Iranica online, retrieved on February, Tegeran, 2, c17, 2017. Интернет-ресурстары: 1. www.edugroup.blogfa.com/post/35 2. https://sanatisharif.ir/c/6098 3. liar.ui.ac.ir/article_19750.html 4. sarasari.org/ دستور-زبان-فارسی-فعل-مركب 5. http://www.vajehyab.com/?q 6. https:// Persian.terminolgy
Университет құндылықтары контекстінде академиялық курс саясаты	Академиялық тәртіп (мінез-құлық) ережесі: Сабақтарға міндетті қатысу, кешігуге жол бермеу. Оқытушыға ескертусіз сабаққа келмей қалу немесе кешігу 0 баллмен бағаланады. Тапсырмалардың, жобалардың, емтихандардың (СӨЖ, аралық, бақылау, зертханалық, жобалық және т.б. бойынша) орындау және өткізу мерзімін сақтау міндетті. Өткізу мерзімі бұзылған жағдайда орындалған тапсырма айып баллын шегере отырып бағаланады. Академиялық құндылықтар: Академиялық адалдық және тұтастық: барлық тапсырмаларды орындаудағы дербестік; плагиатқа, алдауға, шпаргалкаларды қолдануға, білімді бақылаудың барлық сатысында көшіруге, оқытушыны алдауға және оған құрметсіз қарауға жол бермеу. (ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі). Мүмкіндігі шектеулі студенттер rsadykova327@gmail.com, 8708-760-20-04 телефон бойынша кеңес ала алады.
Бағалау және аттестаттау саясаты	Критерийлік бағалау: дескрипторлармен салыстырмалы түрде оқу нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандардағы құзыреттілікті қалыптастыруды тексеру). Суммативті бағалау: Аудиториядағы белсенді жұмыс пен қатысқандар бойынша бағалау; орындалған жұмысты бағалау Суммативті бағалау: Пән бойынша қорытынды баға келесі формула

	бойынша есептеледі: $(PK1+MT+PK2/3) \times 0,6 + (ИЭ \times 0,4)$.
--	---

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі:

Апта	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Максимум балл
1	2	3	4
1	Лекция: Терминология – дербес ғылыми пән. Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы. Терминтану және оның салалары	1	
	Семинар: Парсы терминологиясы және оның ғылымдар жүйесіндегі орны	2	10
2	Лекция: Парсы тілінің лингвистикалық сипаттамасы мен даму ерекшеліктері	1	
	Семинар: Парсы тілінің тарихи жолының сипаты.	2	10
3	Лекция: Тілдегі термин жасаудың басты мәселелері. Термин жасалымның прагматикасы. Терминжасау тәсілдері	1	
	Семинар: Парсы тілінде термин жасалымның жолдары	2	10
	СООЖ1 : СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 1: Парсы тілінің даму жолдарын талдап және ондағы ерекшеліктерді айқындау		15
4	Лекция: Ирандағы тіл академияларының қызметі және кезеңдері. Парсы тілі мен әдебиеті академиясының тарихы және оның құрулы себептері.	1	
	Семинар: "فرهنگستان زبان و ادب فارسی جمهوری اسلامی ایران" атты академия мен оның қызметі	2	10
5	Лекция: «فرهنگستان» академиясының терминология саласы бойынша жұмыстарының нәтижесі.	1	
	Семинар: «فرهنگستان» академиясының басты мақсаты мен міндеттері	2	10
	СООЖ 2: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ:2 Басқа тілдерден енген кірме сөздердің тарихи жолдары және олардың қолдану аясын талдау		15
	Коллоквиум (бақылау жұмысы)		20
	1-Аралық бақылау		100
6	Лекция: Парсы тілі лексикасы дамуының негізгі факторы болған бөтен тілдерден енген терминдер. Басқа тілдерден енген кірме сөздердің тарихи жолдары және олардың қолданыстары.	1	
	Семинар: Парсы тіліндегі кірме сөздер және олардың кіру және жасалу жолдары	2	10
7	Лекция: Парсы тіліндегі арабизмдер және олардың парсы тіліне әсері. Араб тілінің парсы тіліне ену жолдарының тарихы.	1	
	Семинар: Араб тілінен парсы тіліне енген терминдердің кіру жолдарын айқындау.	2	10
	СООЖ 3: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 3: Түркі тілінен парсы тіліне енген терминдерді тауып, мағынасын түсіндіру		15

8	Лекция: Парсы тілінде терминжасамда араб сөздерінің орны және оның жасалу жолдары.	1	
	Семинар: Тіл академиясының араб тілдерімен күресі және оның нәтижелері	2	10
9	Лекция: Түркі тілінің парсы тіліне әсері. Түркі тілдерінің парсы тіліне ену жолдарының тарихы.	1	
	Семинар: Түркі тілінен парсы тіліне енген терминдерінің жасалу жолдары	2	10
	СОӨЖ4: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 4: Европа тілдерінен енген сөздердің парсы тіліне әсерін талдау		15
10	Лекция: Парсы тіліне монғол тілінен енген терминдер және оның ену тарихы. Қазіргі монғол тілінен енген сөздердің қолданысы.	1	
	Семинар: Монғол тілінен енген әскери терминдердің қолдану аясы.	2	10
	Коллоквиум (бақылау жұмысы)		20
	2-Аралық бақылау		100
11	Лекция: Европа тілдерінен енген терминдер. Француз тілінен енген терминдер және оның парсы тіліне ену жолдары.	1	
	Семинар: Француз және ағылшын тілдерінен енген терминдердің парсы тіліне әсері.	2	10
	СОӨЖ 5: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 5: Түркі мен монғол тілдерінен енген сөздердің мазмұнына талдау жасау		12
12	Лекция: Орыс тілінен енген терминдер. Парсы тіліндегі күнделекті қолданыстағы орыс терминдері	1	
	Семинар: Орыс тілінен енген сөздердің тарихи жолдары	2	10
13	Лекция: Парсы тіліндегі экономикалық терминдердің жасалуы мен зерттеулері. Парсы тіліндегі экономикалық терминдердің жасалу жолдары. Парсы экономикалық терминдерді зерттеген ғалымдар	1	
	Семинар: Парсы тіліне ағылшын тілінен енген экономикалық терминдер	2	10
	СОӨЖ 6: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 6: Европа тілдерінен енген сөздердің парсы тіліне әсерін талдау		12
14	Лекция: Парсы тіліндегі сөзжасам теориясының жалпы мәселелері. Парсы тіліндегі терминжасам түрлері	1	
	Семинар: Интерфикс (байланыстырушы морфема) тілдің құрылымдық сөзжасам тәсілі.	2	10
15	Лекция: Парсы тіліндегі сөздердің құрылымдық сипаттамасы. Парсы тілінде интерфикстің түрлері	1	

	Семинар: Парсы терминжасамның жасалу жолының ерекшеліктері	2	10
	СОӨЖ7: СӨЖ-ге кеңес беру және қабылдау СӨЖ 7: Ағылшын тілі терминдердің парсы тіліне әсерін талдау		12
	Коллоквиум (бақылау жұмысы)		14
	3-Аралық бақылау		100
	Емтихан		100

Факультет деканы _____ Ы. М.Палтөре

Факультет әдістемелік бюросының төрағасы _____ М.Ш. Эгамбердиев

Кафедра меңгерушісі _____ К.Т.Габдуллин

Оқытушы _____ Р.К.Садыкова